



ЖҮЗ ОҚУЛЫҚ АУДАРМАНЫҢ ҮЗДІК ҮЛГІСІНЕ АЙНАЛУЫ ТИІС

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану сияқты дербес салаларға қатысты түрлі пікірлер қалыптасты, түрлі көзқарастар айтыла бастады. Алайда, Елбасының тікелей бастамасы бұл түсініспеушіліктерге нүкте қойды, атқарылуы тиіс нақты міндеттемелерді анықтап берді. Жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті ел болуға гуманитарлық білімдердің алатын орны зор екенін, ол үшін сапалы оқулықтар мен ғылыми әдебиеттердегі маңызды ақпаратты шет тілдердегі түпнұсқадан алу қажеттігі жайлы бастама көтеріп, ғылыми қауымдастыққа бағыт-бағдар көрсетті. Енді осы игі бастамаға бүкіл ел болып атсалысып, қолдау білдіруіміз қажет.

«Гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы – жастарға тың серпін беретін басым бағыттардың бірі. Оның жастардың гуманитарлық білімге деген қызығушылығын арттыра түсері анық. Аталмыш жоба аясында аударылып жатқан оқулықтардың басым көпшілігінің орыс тілінде жарық көрмей, тікелей ағылшын немесе француз тілінен қазақ тіліне тәржімаланатыны – өте құптарлық іс және бұрын-соңды болмаған баламасы жоқ ерекше жоба.

Мемлекеттік деңгейдегі маңызды жобаның беделі кешенді жұмыстың нәтижесіне, аудармашылардың өресіне тікелей байланысты екені белгілі. Олай болса, 100 оқулықтың аударманың үздік үлгісіне айналуы тіліміздің жаңа тынысын ашып, қазақ аударма мектебін қалыптастырады және ғылыми-академиялық әдебиетті аудару ісін өркендетті және сатыға көтереді дегенге көміл сенеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде, үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет» екендігін де атап өткен болатын.

Осы тұрғыдан алып қарар болсақ, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде қазақ-ағылшын-орыс тілдерінде қатар білім беруге қатысты ауыз толтырып айтарлықтай бірқатар іс-шара атқарылуда. Аталмыш оқу орнында шет тілін оқыту мен аударма ісі бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жұмыс істейді. Осы уақытқа дейін кеңестің шешімімен аударма саласы бойынша көптеген еңбек, сөздіктер жарық көрді. Университетіміз Астана қаласында өткен ЭКСПО-2017 көрмесіне әлемнің бес тілінде үш тілдік сөздіктер мен тілашарлар дайындаған республикадағы бір ғана оқу орны.

ОҚУЛЫҚ ОҚЫҒАН АДАМҒА ТҮСІНІКТІ БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Қазақ, орыс тілдерімен қатар, ағылшын тілінде де дәрістер, ғылыми монографиялар дайындалуда. Солардың ішінде университетіміздің ректоры, ҚР ҰҒА академигі С.Құнанбаеваның «The Modernization of Foreign Language Education: The Linguacultural-Communicative Approach» (Kunanbaeva S.S. Hertfordshire Press, 2013), «Strategic Guidelines for Higher Foreign Language Education» (Kunanbaeva S.S. Cambridge International Press, 2017) сияқты Ұлыбританияда жарық көріп, бірқатар елдерге таралған, басқа елдер тарапынан аса жоғары сұранысқа ие болып отырған монографияларын айтуға болады. Олар білім беру саласында British Library Catalogue in Publication Data каталогына енгізілген еліміздегі алғашқы еңбектер. Аталмыш монографиялардың шет тілін үйренгісі келетіндер мен аударма кәсібін игергісі келетіндер үшін, жалпы білім беру саласын реформалау мәселесінде берері көп. Айталық, «Strategic Guidelines for Higher Foreign Language Education» деп аталатын монографиясында автор қазіргі кәсіби жоғары білім беру парадигмасын жетілдіру жолдары жайлы айта келіп, нақты концептілер мен модельдер ұсынады. Кәсіби білім беруде аса маңызды болып табылатын индустриалды-технологиялық бағыт, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт,

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы бес-алты жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайтынын айтып, уақытты өткізіп алмай таңдаулы үлгілерді алып, оларды қазақ тіліне аударма бастау керектігін атап өткен болатын. Соған сай, «Гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынып, Елбасының әлемдік таңдаулы оқулықтарды аудару арқылы жастарға білім алуға мүмкіндік туғызу жөніндегі сындарлы саясаты мен ерекше бастамасын орындау ісі кең көлемде атқарыла бастады.



іскерлік-экономикалық бағыттарды кеңінен тарқатып айтып, ЖОО-ларда ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындаудың қыр-сырын нақты анықтап береді. Атап айтсақ, «аударманың танымдық концепциясы», ғылыми-теориялық платформа, аударматанудың ғылыми-теориялық негізі, аударманың теориялық-функционалдық классификациясы сияқты мәселелер қазақстандық аударма теориясы саласында алғаш рет аталмыш еңбектерде зерттеліп отыр.

Тағы бір айтып өткім келетіні, университетіміздің бірқатар философ мамандары, лингвистері «100 оқулық» жобасына сарапшы, ғылыми редактор, аудармашы ретінде белсене атсалысып жүр. Олар аудармашы оқулықтар Елбасы тұсауын кескен 18 кітаптың алғашқылары болып баспадан шықты.

Алайда, университет тек осы кітаптарды жазып аударумен ғана шектеліп отыр деген ой тумауы керек. Осылайша біз өзімізге ғана емес, республиканың барлық оқу орындарына теоретик мамандарды дайындау ісін жолға қойып отырмыз және Елбасының алдымызға қойған міндеттемелерін өз деңгейімізде орындауға атсалысудамыз. Біз университет деңгейінде қазақ, орыс бөліміне арнап, университетімізде оқытылатын әлемнің 9 тілінде басылған маңдайалды кітаптарды түпнұсқа пайдаланудамыз. Олардың қатарында Стивен Пинкердің «The Language Instinct: How the Mind Creates Language», Б.Шордың «Culture Mind: Cognition, culture and the Problem of Meaning», П.Ньюмарктың «Paragraphs on Translation», Эндриу П. Смиттің «Communicology for the Human Sciences: Lanigan and the Philosophy of Communication», Х.Андерстің «Media & Communication Research Methods» және т.б. көптеген еңбектер бар. Бұлар негізінен қазіргі кезде республикамыздың қай жоғары оқу орнын алсаңыз да маман тапшы болып отырған мамандықтарға арналған оқулықтар.

Осы орайда ресми және ғылыми-

академиялық әдебиетті аударуда ойланатын мәселе жетерлік екендігін де айта кеткен жөн. Мысалы, қазіргі қолданыста жүрген кейбір оқулықтарды оқыған кезде қазақ тілін білетін адамның өзі қиналатын кездері болады. Мәселен, әр сөйлем жат тілдегі сөйлем құрылысы негізінде тікелей аударылғандықтан, түсініксіз құрылған сөйлемдер, қазақ тіліне жат сөздер қолданысы, өзге тілдің ықпалындағы сөз тіркестері, бірізділігі жоқ терминдер мәселесі секілділермен кезігеміз.

ТЕРМИНДЕР ТІЛІМІЗДІ БҰЗБАУЫ ШАРТ

Ғылыми терминологияны орнымен қолдану мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Өкінішке орай, қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық сөздіктерде бірізділік жоқ. Бір терминнің өзін қазақша бірнеше нұсқасы бар. Ағылшын тіліндегі белгілі ғылыми түсініктерді қазақ тіліне қалай ендіруіміз қажет? Осы мәселеде де түрлі көзқарас бар. Біздің пікірімізше, бір сөздің әр түрлі дискурстағы модельдері болуы керек. Сондықтан әдебиеттерді аудару кезінде осы ерекшеліктер мен тілдік дискурстарды да ескергеніміз жөн.

Рас, ғылыми терминдерді қазақ тіліне аудару қажет. Дегенмен, терминдердің артикуляциялық айтылымы біздің тілімізді бұзбайтын болса, онда ол терминді сол күйінде алған дұрыс болар еді. Бұл – заман сұранысы, заман талабы! Қазақ тілінің өзі ешқашан төл сөздерін ғана қолданып, табиғи қалпында қалған емес. Бір кездері ғылымның тілі араб-парсы тілдерінде болды. Сол араб-парсы тілдерінен қазақ тіліне сініп кеткен сөздер өте көп. Мысалы, мектеп, мәдениет, кітап, мұғалім – араб-парсы тілдерінен енген сөздер. Осы сөздердің қазақ тіліне сініп кеткені сонша, төл сөзімізге айналып кетті. Сондықтан тілдің дамуына кері ықпалын тигізбейтін терминологияны кітапқа енгізсек, одан еш ұтылмасамыз анық. Өйткені, біраз қолда-

нысқа түскеннен кейін ол қазақы ұғымға айналады. Мысалы, банк, корпорация, компания, карьера сөздері тілімізге сініп кетті, біз осы сөздерді «жат» екен деп қазақша баламасын іздеп, қолдан термин жасамауымыз керек. «Мынау басқа ұлттың термині, бізге сөйкес келмейді» деген ұғыммен қарайтын болсақ, қазақ тілінің ғылыми лексикасының дәрежесін ешқашан байыта алмаймыз. Бұл жайлы аударылған алғашқы 18 кітаптың тұсау-кесерінде Елбасымыз жақсы айтты, оны барлығымыз да естідік. Бір ғана ескеретін жәйт, аудармада қазақ сөйлемінің стилі

сақталып, мәтін мазмұны өзгермеуі керек. Ал бұл аударма теориясы деп аталатын іргелі ғылымда қойылатын басты талап және ғылыми кәсіби тілді байытып, деңгейін көтермек.

Осы ретте айта кетер бір мәселе бар: алдағы жылдары қазақ тіліне аударылатын үздік жүз оқулықты баспадан латын әліпбиінде басып шығару ісі. Өйткені, латын графикасына көшу – рухани жаңғырудың басты өлшемдерінің бірі. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жөніндегі мәселені іске асыру мақсатында, мәселен, университетіміз басшылығы қазақ бөлімі студенттеріне арналған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарын (Латыншаға көшу. Көмекші оқу құралы. Ішкі қолданысқа арналған. Алматы, 2018) жарыққа шығарды. Осы үлгімен жүз жаңа оқулық та баспадан бірден жаңа латын әліпбиімен шығып жатса, аталмыш оқулықтарды оқу үрдісінде тез енгізуге жол ашылар деген сенімдеміз. Ал біздің университет қазірдің өзінде қазақ бөліміне арналған дәрістерді латын графикасына аударып жатыр. Өйткені, Қазақ елі 2025 жылы жаппай латын әліпбиіне көшпек. Олай болса, оқулықтардың латын әліпбиінде шығарылуы заманауи сипаттағы даму бағытына жасалған батыл бетбұрыс дер едім.

Аударма қай кезде де әлем өркениетін, мәдениетті сабақтастыратын көпір қызметін атқарып келеді. Аударма арқылы басқа елдің рухани өлемімен танысамыз, өзімізді басқаларға танытамыз. Олай болса, аталмыш жоба аясында аударылып жатқан еңбектер еліміздің өркениетті елдер қатарына біртабан жақындауына үлкен ықпал ететініне сеніміміз зор.

Ардақ САХАНОВА,
Абылай хан атындағы ҚазХҚӨТУ
ғылым және инновация жөніндегі
проректоры,
э.ғ.д., профессор.